

2021 жылға Кентау қаласындағы салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Түркістан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 298 қаулысы . Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 тамызда № 5763 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 529-бабының 6-тармағының бірінші абзацына және Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 бұйрығымен бекітілген Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17847 тіркелген) Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға Кентау қаласында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Кентау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Кентау қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ғ.Қ.Үсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Д. Махажанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Кентау қаласы бойынша
мемлекеттік кірістер басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Б.Кішібаев

" " "

2020 жыл

Кентау қаласы әкімдігінің
2020 жылғы 27 тамыздағы
№ 298 қаулысына қосымша

2021 жылға Кентау қаласындағы салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

№	Аймақ атауы	Елді мекеннің атауы	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Кентау	Кентау	2,10
2	Саяжай	Саяжай	1,60
3	Шорнак	Шорнак	1,95
4		Қосмезгіл	1,85
5		Аша	1,55
6		РЗД-32	1,40
7	Шаға	Шаға	1,95
8		Бершін төбе	1,95
9		Шоктас	1,50
10		Қазақстанның 30 жылдығы	1,95
11	Оранғай	Бостандық	1,95
12		Қосқорған	1,95
13		Оранғай	1,95
14	Қарашық	Қарашық	1,95
15		Құмтиін	1,75
16		Қара Төбе	1,35
17	Жүйнек	Жүйнек	1,95
18		Шыпан	1,70
19		Шекербұлақ	1,70
20	Жібек жолы	30 разъезд	1,95
21		Сауран	1,95
22	Жаңа Иқан	Ибата	1,85
23	Ескі Иқан	Ескі Иқан	1,95
24	Иассы	Еңбекші Дикан	1,85
25		Шойтөбе	1,55
26	Майдантал	Ынтылы	1,95
27		Қаражон	1,95
28		Егізқара	1,20
29	Үшқайық	Теке	1,95
30		Нұртас	1,95
31		С.Қожанов	1,85
32		Жалаңтөс	1,75
33	Бабайқорған	Бабайқорған	1,95
34		Абай	1,85
35		Үлгілі	1,85
36		Құмайлықас	1,85
37	Ащысай	Ащысай	1,95

38	Байылдыр	Байылдыр	1,95
39	Қарнақ	Қарнақ	1,95
40	Хантағы	Хантағы	1,95

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК